

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«МЫРЗАБЕК ДҮЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ №15
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №15
ИМЕНИ МЫРЗАБЕКА ДҮЙСЕНОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

«16» 08 2025 ж.г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 296
город Кызылорда

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа алып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылында мектеп асханасы өз қызметінде санитарлық талаптарды сақтауын қадағалау және білім алушылардың мектеп асханасында тамақтануын жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай комиссия) құрылсын.

2. Тамақтану сапасын және ұйымдастыруын бақылау жүргізу жөнінде төмендегі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін.

1) Э.К.Азатбаева - комиссия төрайымы, мектеп директоры

Мүшелері:

2) К.Мұстақұл - мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3) А.Қожаниязова - мүшесі, бастауыш сынып мұғалімі

4) М.Төребаев - мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы

5) Н.Оспанов - мүшесі, ата-ана комитетінің төрағасы

6) А.Мухамеджанова – мүшесі, әлеуметтік-педагог

7) А.Аяпбергенова - мүшесі, мектеп медбикесі

2025 – 2026 оқу жылына комиссияның жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.

3. Комиссия мүшелерінің атқарылатын функционалдық міндеттері бекітіліп, мүшелерге жеке таныстырылсын.
4. Комиссия тарапынан өнім тасымалдаушы ЖК «Жанатаев» қызметі үздіксіз, қатаң бақылансын.
5. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш- технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлікпен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына комиссия тарапынан ай сайын мониторинг жүргізілсін.
6. Мониторинг нәтижесі бойынша акт рәсімделіп, тексеріс нәтижесі комиссия отырыстарында қаралсын.
7. Комиссия жұмысының қорытындысы тоқсан сайын педагогикалық кеңесте қаралып, ақпарат білім беру ұйымының интернет – ресурсына орналастырылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

№15 мектеп директоры



Э.К.Азатбаева